

«Сіз қандай тәрбиешісіз?» сауалнамасы

Жалпы диагностикалық, кәсіби лайықтылықты анықтау.

1.Тәрбиешілік қызметке қалай келдіңіз?

- а) жүрек қалауымен
- ә) кездейсоқ
- б) лажым жоқтықтан

2. Сіз үшін тәрбиешінің жұмысы:

- а) керемет жұмыс
- ә) күнкөріс үшін
- б) бас қатыру

Балалар сізді қандай деп ойлайды

- а) өте сауатты деп есептейді
- ә) қанағаттанарлық
- б) олардың көзқарасында жұмысым жоқ

4. Балалар арасында жарыс болатын болса:

- а) міндетті түрде менен көмек сұрайды
- ә) кейде
- б) маңыма мүлде жоламайды

5. Сіздің сабақ өту тәсіліңіз қандай?

- а) тыс қызықты материалды жиі пайдаланамын
- ә) сирек қолданамын

б) белгілі айтылған тапсырмадан шыға алмаймын

6. Балабақшадағы ережедентыс жұмысты ұйымдастыруда

а) балалар арасында жиі-жиі жарыстар ұйымдастырамын

ә) басшылар ескерткенде ғана

б) бас ауыртқым келмейді

8. Балаға қол жұмсайсыз ба?

а) мүлде қол жұмсамаймын

ә) анда-санда

б) «Аюға намаз үйреткен – таяқ» деп есептеймін

9. Тәрбиеші болғаныңызға

а) ризасыз

ә) сізге бәрібір

б) өкінесіз

10. Ұжым арасында беделіңіз:

а) өте жоғары

ә) жақсы

б) орташа

Әрбір «а» жауабына – 5 ұпай, «ә» жауабына – 3 ұпай, «б» жауабына – 1 ұпай есептеңіз.

45-50 ұпай жинасаңыз:

Сіз шәкірт үшін биік тұлғасыз. Сіз бала тәрбиесіне жан-тәнімен берілген жансыз.

30-21 ұпай жинасаңыз :

Сіз арбаны да сындырмайтын, өгізді де өлтірмейтін күйде жүрсіз. Сізге көп

іздену керек.

15-11 ұпай жинасаңыз:

Сіз босқа уақыт өткізіп жүрсіз. Орыныңызды бала жанын түсінетін шын тәрбиешіге босатқаныңыз жөн.

**«Сіз қандай тәрбиешісіз?» сауалнамасы қорытындысының
Хаттамасы**

Жүргілген уақыты: наурыз айы

Қатысқаны: 6 педагог

Сауалнамаға қатысқан 6 педагог 45-50 ұпай аралығында жинады:

Шәкірт үшін биік тұлға екендігін, бала тәрбиесіне жан-тәнімен беріліп жасасайтын адамдар екендігін дәлелдеді

БАЛАНЫ ҮШ ЖАСЫНДА ӨЗ БЕТІНШЕ КИІНУГЕ ҚАЛАЙ ҮЙРЕТУ КЕРЕК

Бала шұлықтарын, бас киімдерін, колготкаларын, тәпішкелерін шешуге қуанышты болған кезде бір жарым жылдан бастаған дұрыс. Балаңызды бұл бастама үшін мадақтаңыз және шешінуді шешіңіз.

Тапсырманы жеңілдетіңіз, ыңғайлы заттарды сатып алыңыз: серпімді шалбар, бос көйлектер, футболкалар, кең мойны бар жемпір, үлкен түймелері мен түймелері бар киім. Егер нәресте ашық сызықтар мен қалталар болса, нәресте алдыңғы жағын тігіс жағынан ажыратуды тез үйренеді. Аяқ киімді Velcro немесе найзағаймен алған дұрыс. Балалардың көпшілігі шілтерді бес -алты жасында үйренеді.

Киінудің азапқа айналуын болдырмау үшін ойындар жасаңыз. Мысалы, аяқтар - бұл «гаражға» кіру керек аяқтар. Қыз алдымен қуыршақты, сосын өзін киіндірсін. Немесе конкурс ұсыныңыз - кім бірінші киінсе, сыйлық алады. Балаңыз сұрағанда немесе ашуланғанда немесе ашуланған кезде көмектесіңіз. Қараңызшы, ол не істеп жатыр? Кешіксеңіз де, асықпаңыз. Бала ақыр соңында бұл оның міндеті екенін түсінеді. Және сонымен бірге тәртіпке үйретіңіз - ол заттарды орнына қоюы керек.

Психологтар мен педиатрлар сенімді: нәресте өзін -өзі талқылауды тезірек үйренсе, оның дамуы тезірек жүреді.

Киіну процесінде ол дамиды ...

... *Ұсақ моторика*. Бұл үшін түймелер, түймелер мен шілтер жауап береді;

... *жалпы моториканы*, нәресте жеңдер мен аяқтарға құлаған кезде, шұлықтарды, колготкаларды алу немесе аяқ киімді кию арқылы тепе -теңдікті сақтауға тырысады;

... *ойлау* - киімдерді кию қажет кезекті жаттау кезінде;

... *сөйлеу дағдылары*. Нәресте заттардың атауларын, олардың түсі мен бөлшектерін таниды және дауыстап айтады.

-«Бауды бекіту» түймелері «(1-3 жас) және» Бут »тренажері (3-7 жас) сізге арқанды тесікке созуды, байлауды үйретеді.

- Мультфильм кейіпкерінің дауысы бар жұмсақ ойыншық «Лунтик» (3-7 жас) тапсырмаларды береді: түймелерді, велкро, ілмектерді бекіту немесе ашу.

- «Досыңды киіндір және өзіңмен бірге ал» сериясындағы қуыршақтар (2-5 жас) киіммен сатылады.

- Қалталардың үзінділерінен жасалған «қапсырмалар» ойын алаңы түймелер мен шілтерді қолдануға үйретеді.

БАЛА ҮШ ЖАСЫНДА НЕ ІСТЕЙ АЛУЫ КЕРЕК

- Қасық пен шанышқымен тамақтаныңыз;
- бетіңізді жуыңыз, тістеріңізді жуыңыз, шашыңызды тараңыз;
- заттарды сөмкеге жинау;
- жүгіру, секіру, кедергілерден өту;
- атыңызды, тегіңізді, жынысыңызды және жасыңызды айту;
- сәлем айту, қоштасу, рахмет айту;
- үш мотоциклмен жүру;
- үшке дейін санау;

Педагогтармен психологиялық тренинг

Тақырыбы: "Мен ғажайыппын"

Мақсаты: Педагогтардың эмоцияналды және көңіл-күйлерін көтеруге, кәсіби жанудың алдын алу, топтасып жұмыс істеу жүйесін әрі қарай дамыту.

Эпиграф: "Біз қартайғандықтан ойын ойнауды тоқтатып тұрған жоқпыз, ойын ойнамағандықтан қартайамыз."

Бернард

шоу

Қатысушылар: болашақ мұғалімдер

Жұмыс түрі: топтық жұмыс

Көрнекілік құралдар: тақта, бор, доп, ватман, фламастерлер.

Жоспар:

1. Жаттығу "Хор"
2. Мен ғажайыппын (әр түрлі көзқарасын анықтау)
3. Оқушы көзімен
4. Арт-терапиялық жаттығу. "Кезекпен сурет"
5. Жаттығу "Комплимент"
6. Жүргізілген жұмысты қорытындылау.

Жүргізуші: Саламатсыздар! Біздің көбіміз яғни барлығымыз биікте ғажайып болғымыз келеді. Ал енді осы "ғажайып" дегеніміз не? Біздің бүгінгі кездесуімізде осы ғажайып сөзінің педагогикалық тұрғыдан талдап көрейік. Енді барлығымыз "Ғажайып" сөзіне ұқсас бір-бір сөзден сөз айтып көрейік. Қатысушылар, мысалы мына сөздерді айтуы мүмкін: идеал, үлгі, нәзікке ұқсас, бір бағыттағы, ескерткіш, сондай бір өте жақсы т.б.

Жүргізуші: Ожеговтың сөздігінде «ғажайып» сөзіне анықтама бар - бұл "барлық жақсы қасиеттердің қамтылған, ең жоғарғы дәрежедегі қасиет". Енді осы қасиетті өз бойымыздан іздеп көрелік, ғажайып болмаса да, бойымызда таң қаларлық мінез болуы мүмкін. Жұмысымызды бастамас бұрын, танысып алайық, әрбір қатысушы өз атын айта отырып, бойындағы жақсы қасиетін айта кетеді. Келесі қатысушы алдыңғы қатысушының атын, жақсы мінезін айта кетеді.

Келесі жаттығуымыз "Хор" деп аталады. Залдан бір қатысушының сыртқа шыға тұрғанын өтінемін, залда қалған қатысушылар бір төрт жол тақпақтың сөздерін бөліп-бөліп алады. Сыртқа шыққан адам келген кезде бір, екі, үш деген нұсқаудан кейін әрбір қатысушы өз сөздерін айтады. Сырттан кірген адам қандай тақпақ екенін табу керек.

Бұл біздің сергіту жаттығуымыз болатын.

Келесі жұмысымызға көшелік. Бірінші бөлім бойынша біз қандай ғажайып не екенін айқындауға тырыстық. Тақырыбымызды одан әрі ашу үшін, балалардың көзімен, яғни оқушы көзімен ғажайып деген ұғымды түсінуге тырысып көреміз. Екі топ қатысушылары: бірінші топ - бастауыш оқушылары, екінші топ - жоғары класс оқушылары. Жайлы, жақсы отырып алыңыздар, екі қолдарыңызды тізеге қойып, орындыққа арқаларыңызды тигізіп орнықты отырып, көз алдыңызға бастауыш және жоғары класс мұғалімдерінің қандай болатындығын елестетіңіздер. Енді әр бір топ өзара келісіп, шешімге келіп мұғалімнің төрт жақсы қасиетін қағазға жазып орталарыңыздан біреу шығып қорғап шықсын.

Қорытынды:

- "бастауыш оқушылары" тобының пікірі: мұғалім мейірімді, әдемі, көңілді, шыншыл болу керек.

- "жоғары класс оқушылары" тобының пікірі: өз мамандығының кәсіби шебері, ұйымшыл, қатаң, қазіргі талапқа сай болу керек.

Жүргізуші: Ал енді сіздер үлкен адам кейпіне еніп, тәжірибелі ұстаз болуға тырысыңыз. Екі топ бірігіп, мұғалімдерге берген оқушылардың сапаларын талқылап ашып көрелік. Тақтаға жазамыз. Біздің мысалда болған төрт сапа шыншыл, қатаң, кәсіби шебер, ұйымшыл, осы сапалар біздің бойымыздан табылады деп ойлаймыз.

Енді келесі жұмысымызға көшелік ол - арттерапиялық жаттығу "Шеңбер бойынша сурет». Біз қазір ақылдаспай біртіндеп шығып мұғалімнің суретін саламыз.

Сурет бойынша қорытынды: идеялды мұғалімнің суретін саламын деп кім пайда болды... «әрдайым көріп жүрген мұғалімнің бейнесі».

В.Вишневскийдің афоризмін еске түсіретін болсақ."Мені ғажайыпқа дейін жеткізбе!" дегендей, «ғажайыптылық» өзіміздің жүрегімізде болады.

Біздің кездесуіміз таяп келе жатқан секілді. Бүгінгі шыққан нәтиже жемісіне оралатын болсақ педагогтардың мықты жақтарын тағы да бір еске түсіре отырып, бір-бірімізге "**Комплимент**" айтайық.

Жүргізуші: Кездесуіміз аяқталды. Егер тақырыпқа келетін болсақ,"ғажайып" деген түсінік бір нәрсенің біткенін, болғанын білдіреді. Бірақ біздің жолымыз біткен жоқ, біз сіздермен әрдайым қозғалыстамыз. Кез келген мақсатқа жеткенде біздің алдымыздан жаңалықтар ашылады, жаңалықтың шеті жоқ.

Мен сіздерге шығармашылық табыстар тілеймін!

Педагогтармен психологиялық тренинг «Менің сүйікті мамандығым»

Мақсаты:

Оқушылар психологтарына арналған тренинг олардың бойындағы мынадай маңызды сапаларды: кәсіби іс-әрекеттердің эффективті индивидуалды стилін қалыптастыру; оқушылармен, олардың ата-аналарымен, басшылықпен, әріптестерімен сонымен қатар өз отбасы мүшелерімен ойдағыдай қарым-қатынас жасай алуын қалыптастырып, дамыту үшін қажет.

Тренинг тағы мынадай қасиеттерді: балаға позитивті қарым-қатынас, оқушыны эмоцияналды қабылдау, олармен тілдесудің коммуникативті амалдарын дамыту, өзін-өзі регуляциялаудың эффективті тәсілдерін қалыптастыруға көмек береді.

Міндеті:

Қай ұжымда болсын, психолог-маманға жүктелер міндет жауапкершілігімен маңызды. Ұжым мүшелерінің тұлғалық сапасы мен ерекшелігіне, құқығына абыройы мен намысына нұқсан келтірместен, көздеген мақсатқа бағыттай білу шеберлікті қажет етеді. Ал, шеберлік тәжірибелер арқылы қалыптасады.

Топпен жұмыс жүргізгенде көбінесе орындауға жеңіл, еркіндікті талап ететін ойындар, жаттығулар қарастырылады. Әрине, топпен тест, сауалнама жүргізу, суреттер салғызуға болады. Мен мейлінше, көп уақыт алмайтын, жеңіл жаттығу ойындарды, күрделі ойды қажет етпейтін тапсырмаларды қарастырмақпын. Мұны психолог емес, әр мұғалім де өз сабағында мақсатына орай пайдалана алады.

Жоспар:

- 1.Сергіту тренингі.
 - 2.Қызығушылықты ояту. Түстер бойынша топтастыру.
 - 3.Мағынаны тану.Әр топқа ситуациялық тапсырма.
 4. « Менің сүйікті мамандығым» жаттығуы.
 - 5.Ой толғау. «XXI ғасыр мұғалімі ол қандай?»
(топтар эссе, бес жол өлең, ассоциация т.б қорғау)
 - 6.Қорытындылау.
1. Сергіту тренингі «Австриялық жаңбыр»
 2. Гүл бейнесіндегі түстер бойынша 4 топқа бөлініп отырады.

Сұрақтар:

I-топ

1.Сіз мектеп директорының орынбасарысың, карауындағы 3 мұғалім қоңырау соғылғаннан кейін сабаққа кешігіп келді. Сіздің іс-әрекетіңіз?

2.Сіз бірлестік жетекшісісіз, бірлестігіңіздегі мұғалімдер берілген тапсырманы дер кезінде орындамады, сізге директор шұғыл түрде тапсырманы орындауға бұйрық берді, не істер едіңіз?

3.Сіз мектеп директорысыз, қабылдауыңызда бір мұғалім отыр, үстіңізден есік қақтастан екінші мұғалім кіріп келді. Осы іс-әрекетке қандай сипат берер едіңіз?

4.Сіз сабақ өткізіп жатырсыз. Сабақ үстінде бір мұғалім рұқсатсыз кіріп, кешірім сұрамастан хабарландыру айтып, оқушыларға зілді сөйлеп кетті. Сіздің көзқарасыңыз?

II-топ

1.Жас маман мектепке келді. Сіз оған тәлімгер болып тағайындалдыңыз. Оның құжат толтырмақ түгілі, сабақ беруден тәжірибесі аз. Ең алғашқы көмегіңіз?

2.Ұжымда жас ерекшеліктері әр түрлі мұғалімдер бар. Ұжымда сыйластық пен достық қарым-қатынас орнату үшін қандай іс-шараларды көбірек өткізген дұрыс деп ойлайсыз?

3.Сіз өз ұжымыңыздағы бір педагогтің педагогтік іс-әрекетке жатпайтын олқы қылығының куәгері болдыңыз. Не істер едіңіз? (Дұрыс кеңес бересіз бе, немқұрайлы қарайсыз ба?)

4.Әріптесіңіз отбасы жағдайына немесе денсаулығына байланысты 1-2 күн жұмысты алмастыра тұруын өтінді. Келісесіз бе? Келіспеген жағдайда неліктен?

III-топ

1.Адамда бәрі де әдемі болуы керек: «Ақылы да, ойы да, келбеті де, әдебі де, мінез-құлқы да, киген киімі де, жүріс-тұрысы да». Осы туралы не айтар едіңіз?

2.Сіз 1-ші сабаққа ұйықтап қалдыңыз, әрине жұмысқа кешіктіңіз, оқушылардың алдына қалай кіресіз?

3.Сіз журнал толтырар алдында журнал толтыру ережесімен толық танысасыз ба? Сіз қалай толтырасыз? Бұл жөнінде бірінші кімнен көмек сұрайсыз?

4.Сіз тәжірибеңіз мол мұғалімсіз, сізден әріптесіңіз әдістемелік көмек сұрады. Көмектесе аласыз ба?

IV-топ

1.Сіздің тәжірибеңіз мол болғанымен, өз тәжірибеңізде кездеспеген қиын сауал кездесті. Кімнен, қайдан көмек аласыз?

2.Сіздің ойыңызша ұжымда «қиын» мұғалім бар ма?

3.Біздің ұжым ұйымшыл да тату ұжым қатарына жата ма? «Иә» деген жағдайда дәлелденіз, «жоқ» деген жағдайда қандай кеңес берер едіңіз?

«Менің сүйікті мамандығым» жаттығуы.

(Әр топтағы қатысушылар бір жаттығуды орындап көрсетеді)

Жаттығудың мақсаты: кәсіптік іс-әрекет стилінің индивидуалдық эффективті тәсілдері мен шараларын іс-жүзінде өтеу (отработка)

Мұғалімдер шеңбер құрып тұрады. Психолог топтың әрбір мүшесіне алдарында оқушылар тұр деп елестете отырып сәлемдесуді ұсынады. Мысалы,

«Сәлеметсіңдер ме, балалар!» Бұл жерде фразаны жестпен, позамен, бет әлпет қимылымен қуаттауға болады. Топ мүшелерінің барлығы сәлемдесіп болғаннан кейін жалпы талқылау өткізіледі. Сәлемдесудің қайсысы ашық және мейірімді, кімнің фразасы белсенді іс-әрекетке эффективті стимул болды, мұғалімдер бала позициясынан өз әсерлерімен бөліседі.

Бұл жаттығуда жеке индивидуалдық іс-әрекет стилін табуға көмектесу үшін әрбір қатысушымен кері байланыс орнатылады. Айта кететін жай, бұл проблема енді жұмыс жасай бастаған жас мамандар арасында ғана актуалды емес. Көп жылдар бойы қызмет етіп, дағдылары қалыптасқан, жұмыс істеуі автоматтандырылған мұғалімдер арасында да қажет. Олар өздерінің кәсіби шаралар арсеналын кеңейтіп, жанарту үшін маңызды. Бұл жерде жекелік индивидуалдығын басу ізімен емес, өзіндік «Мені» мен кәсіби мүмкіндіктерін ашудағы үлесімділік пен толық жетілуді табу.

«Баға» жаттығуы.

Мақсаты:

Оқушыларды бағалаудағы өзара әрекеттесудің эффективті коммуникативтік амалдарын өндіру.

Топ шеңбер құрып тұрады, әрбір қатысушы бір позитивті және негативті баға айтуы қажет. Алдымен негативті баға айтылады, мысалы, «отыр екі». Әркім бұл фразаны айтуда өз сөздерін, интонациясын, мәндерін қолдануға мүмкіндік береді. Талқылауда алдыңғы жаттығуда ұйымдастырылғандай топ мүшелері оқушы позициясынан сөйлейді. Психолог мұғалімге оқушыға негативті баға қойған кезде оған өзіндік жеке қарым-қатынасының көрініс табуын және тәрбиеленушінің жақсырақ оқуға мүмкіндігі барына сенім білдіру керектігін көрсетеді. Негативті бағаны мынадай фразада айтуға болады: «Өте өкінішті, Анар бүгін саған нашар баға қоюға тура келіп тұр, сен өте қабілетті қызсың, жақын күндері өзінің екінді жөндейтіндігіңе сенімдімін».

Оқушыны позитивті бағалағанда да баланың жетістігіне шынайы қуанышы мен психологиялық қолдаудың жаңа формаларының кәсіби амалдарын жетілдіруге болады.

Мысалы, позитивті баға қойған кезде позитивті баға қойғандағы фраза төмендегідей болуы мүмкін: «Жарайсың, бүгін сені «бес» деп бағалаймын, ары қарай осылай оқуыңды жалғастыра бер».

«Эмоция» жаттығуы.

Мақсаты:

Мұғалім бойында артистизм, эмоционалдылық, иілгіштік, оқушылармен қарым-қатынаста образдық пен тірлік техникаларын дамыту.

Топ жарты шеңбер болып отырады. Әрбір қатысушы психологиялық жұмбақ жасырады. Жұмбақты бет әлпет қимылы, позасы, іс-әрекеті, жесті және кейбір нейтральді фразаларды қолдануы, өзі ойланған эмоцияналдық күйлердің біреуін топқа жасыруға болады, топ мүшелері оны табуы қажет.

Кейіннен психолог мұғалім жұмбақты қаншалықты шеше алғандығы жайында ойлануға, ол өз күйін демонстрациялауда қандай сыртқы амалдарды қолдануда қайсысы (бет, қол, интонация және т.с.с) мәндері болып келетіндігі жайлы ойлануды ұсынады. Мысалы: дерективті дауыс немесе «мұғалімдік» қатты мүсін.

«Күйіне келтіру» жаттығуы.

Мақсаты:

Сабақ басында қуаты мен күшін тез мобилизациялау және жұмыс қабілетін жоғарылату.

Топ мүшелері ыңғайлы позада шеңбер құрып отырады. Психолог денені бос ұстап, көзді жұмып айтылған әңгімені көз алдарына елеструді ұсынады. Келесі мәтінді баяу, жұмсақ етіп әңгімелейміз.

«Бүгін сіз класқа барғыңыз келмей тұр. «Егер де... » әрекет ете отырып, өз күш қуатымызды мобильдеуге тырысамыз. Егер де менің көңілім жақсы болып, өзімді демалған және жаңарғандай сезінсем, класқа қуана барар едім. Көшеде келе жатып өз оқушыларым туралы ойланам, оларды тезірек көргім келеді. Ішке кіріп келдім, өз әріптестеріммен сәлемдесемін, оларға күлімсірей қараймын. Өз оқушыларыма бара жатырмын, ішке кірдім, қоңырау соғылды, сабақ басталды.

Сәлеметсіңдер ме балалар!

Жаттығуды орындап болған соң жалпы топтық талқылау жүргізіледі. Бұның барысында мұғалімдер мен психолог жұмысқа бағытталудың психотехникалық әдістерімен тәжірбие алмасады.

Ой толғау. «XXI ғасыр мұғалімі ол қандай?»

(топтар эссе, бес жол өлең, ассоциация, схема түрінде моделін жасау т.б қорғайды)

Бүгінгі тренингтен алған әсеріңіз қандай? Сау болыңыздар!

Бала агрессиясын болдырмау үшін не істеу керек?

Ол кішкентай балаларды тістеуден, ұрудан, тебуден немесе итеруден басталуы мүмкін. Олар балабақшаны 2-4 жас аралығында бастайтын балаларда жиі кездеседі. **5 жасқа дейін балалар өздерінің мінез-құлықтарын реттеуге немесе басқаруға мүмкіндіктері жоқ, сондықтан оны нақты нәрсе деп санауға болады.** Олар қарым-қатынас орнатқысы келеді және мұны қалай істей алмайтынын білмейді немесе білмейді, және олар оны агрессивті мінез-құлық арқылы жасайды.

Бірақ егер біз бірдеңе жасамасақ, қарапайым анекдот болып көрінуі мүмкін бүлдіршіндердің агрессивті әрекеттері уақыт өте келе нашарлауы мүмкін. **Бұл мұғалімдер үшін де, ата-аналар үшін де үлкен проблемаға айналуы мүмкін, және біз олармен неғұрлым тезірек кездесіп, олармен күресетін болсақ, нәтиже соғұрлым жақсы болады..** Бұл әдетке айналмас үшін оны қайта бағыттау қажет.

Бала қашан агрессивті болып саналады?

Баланың агрессивтілігі бала адамға немесе затқа қасақана зиян келтіргенде, зиян физикалық және психологиялық болуы мүмкін.

Бұрын айтқанымыздай, кішкентай балалар өздерінің мінез-құлқын дұрыс реттемейтіндіктен агрессивті мінез-құлыққа ие болуы мүмкін. Бұл олардың есейген кезде агрессивті болатындығын білдірмейді, бірақ солай етеді Оларды қайта бағыттау үшін бұл мінез-құлықтың артында не жатқанын көру ыңғайлы болар еді.

Мақсат - өзгелерге және өзіңізге зиян келтірмеу және жағымсыз салдардан аулақ болу олардың жүріс-тұрысы.

Бала агрессиясының себептері

- **Еліктеу.** Балалар губкалар тәрізді, барлық ақпаратты өзіне сіңіреді. Олар зорлық-зомбылыққа теледидар, мектеп, видео ойындар, отбасылық ... Егер олар қақтығыстарды шешудің әдісі зорлық-зомбылық (ауызша немесе физикалық) арқылы болатындығын байқаса, олар оны қалыпты мінез-құлық ретінде сіңіреді. Отбасы - балалардағы ең ықпалды фактор, егер олардың ата-аналарының агрессивті қарым-қатынас жасайтынын байқасаңыз, сіз оны әдеттегідей мәселелерді шешудің және шешудің тәсілі ретінде қабылдайсыз
- **Сөйлеудегі қиындықтар.** Бұрын айтқанымыздай, балалар қарым-қатынас жасау үшін тілді меңгермегендіктен, көңілсіздік туындайды.

Егер олар ашуланса, ашуланса, қайғылы болса немесе жағдай әділетсіз болса, оны агрессивті бола алатын ым-ишарадан басқа тәсілмен қалай білдіруді білмейді.

- **Күресу стратегиясының болмауы.** Тіпті көптеген балалармен қалай сөйлесу керектігін білу олар өз эмоцияларын қалай білдіруді білмейді. Оларда зорлық-зомбылыққа жол бермеу үшін өз ойларын дәлелді түрде білдіретін стратегиялар жоқ.
- **Көңілсіздікке төзбеушілік.** Егер олар көңілсіздікпен күресуді үйренбесе, кез-келген қиындықты жеңіп, агрессивті жауап береді.
- балаларға өз реніштерін басқаруға көмектесу.
- **Рұқсат беру.** Балаларға шектеулер қажет және а Нормалар мен ережелердің жоқтығымен білім беру стилі баланың агрессивтілігінің пайда болу қаупі болып табылады.

Бала агрессиясын болдырмау үшін не істеу керек?

Алдымен біз анық болуымыз керек сіз үйлесімді болуыңыз керек. Біз зорлық-зомбылықты зорлық-зомбылықпен жаза алмаймыз. Біз баланың мінез-құлқынан тыс не болатынын көруіміз керек. Бұл мінез-құлыққа не себеп болғанын қараңыз, шығу тегін анықтаңыз. Агрессивті мінез-құлық үйренетін мінез-құлық болып табылады, сондықтан бақытымызда оларды өзгертуге болады.

Балалардың агрессиясын бақылау әдістері

Біз тынышталуымыз керек. Агрессивті мінез-құлық жас балаларда қалыпты жағдай, бұл олардың оқуының бөлігі. Мінез-құлықтың бұл түрін басқа қабылданған мінез-құлыққа түзету әдістері бар.

- **Онымен сөйлесіңіз.** Таза және қатты тонмен сөйлеңіз. Сіз басқа адамды ұра алмайтыныңызды айтыңыз.
- **Эмоцияларыңызды сөзбен жеткізіңіз.** Сіз өзіңізді жұбатып, түсінетін боласыз. «Ағаң ойыншығыңды сындырды деп ашуланып тұрсың ғой, солай ма?» немесе «сенің әдемі суретің бұзылды, сен қайғырдың, иә?». Ол бұл ыңғайсыздықтың аты бар екенін, оны сезінудің қалыпты жағдай екенін және оны білдірудің көптеген тәсілдері бар екенін білсін.

- **Басқа стратегияларды ұсыныңыз.** Сіздің эмоцияңыз түсінікті, енді біз сізге репертуарыңызда басқа да күресу стратегияларын алуға көмектесуіміз керек. Мысалы, егер оның суреті бұзылған болса, біз «Сіз мұны қайталай аласыз ба?» Деп айта аламыз. Біз оларға жағымсыз эмоцияны тудырған мәселелерді шешудің баламаларын ұсына аламыз. Осылайша біз оларға зорлық-зомбылықтың жалғыз мүмкіндігі еместігін көрсетеміз.

Сюжетті – рөлдік ойынның бала тәрбиесіндегі алатын орны

“Баланың қиялы, әсіресе ойында жарыққа шығады. Айналасындағы тұрмыстан нені көрсе, оны істейді. Ойын ойнағанда балалар жанындағы нәселерді пайдаланады”, – дейді Мағжан Жұмабаев. Ойын – тек әрекет емес, балалардың да үлкендердің де қызығушылық ермегі, адамда рахат пен қанағат сезімі. Белгілі ғалым психолог Д.Б.Элкониин: «Ойын – баланы ешкім, ешқашан үйрете алмайтын нәрсеге үйретеді. Бұл нақты өмірге, кеңістікке, құбылыстарға, адамның іс-әрекетіне бағдар беретін зерттеу тәсілі. Ойын үрдісі кезінде балалар зерттеу, сараптама жасау, оқу арқылы өмірге, әлемді танып-білуге бағалауға үйренеді»- демекші ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті.

Балалар ойыны әр алуан, оның өзгеріп отыруы балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты. Мысалы: сюжетті-рөлдік, қимыл-қозғалыс, драматизация, музыкалық, дидактикалық, құрастыру, ұлттық, спорттық, дамытушы ойындары. Әрқайсысының өзіндік мәні, ерекшеліктері, мазмұны, ережелері, тәртібі, білімділік, тәрбиелік, дамытушылық функциялары бар. Сюжетті-рөлді ойын — мектепке дейінгі жастағы балалар үшін ең қызықты ойын түрі. Оны сипаттай отырып, С.Л. Рубинштейн бұл ойын баланың ересектермен өзара әрекеттесуіне негізделгенін атап өтсе, Д.Б. Эльконин ойын баланың зияткерлік және моральдық-еріктік дамуына әсер ететін жетекші қызмет түрі деп атады.

Бүгінгі таңда балалардың сюжеттік ойындарын белгілеу үшін әртүрлі терминдер қолданылады: «шығармашылық», «сюжеттік-рөлдік» және «әуесқой». Сюжеттік-рөлдік ойын сюжет, мазмұн, рөл құрылымдық компоненттеріне ие. Бала тек ойнауға ғана емес, белгілі бір рөлді орындауға

да ұмтылады. Әрекетті, рөлдерді, бейнені өзгерту қабілеті, қиялдың күшімен балалар ойын жасайды. Ойында нақты жағдай, кеңістік жоқ. Ойын уақыты ұзақта, қысқа да болуы мүмкін. Ендеше, сюжеттік-рөлдік ойынның ерекшеліктері назар аударып көрейік.



Сюжеттік-рөлдік ойынның басты ерекшелігі — импровизация, яғни, балада ойын алдын ала жоспар құрып, болжамай, оның желісімен ешкіммен бөліспей кенеттен, тұтқиылдан туындауы мүмкіндігі. Рөлдік ойын барысында балалар нақты ұйымдастырушылық қатынастарға түседі (балалар ойынның сюжеті туралы келіседі, рөлдерді бөледі) сонымен бірге олардың арасында күрделі рөлдік қатынастар орнатылады (мысалы: аналар мен қыздар, дәрігер мен пациент, сатушы мен сатып алушы, теңізші мен қарақшы). Сюжеттік-рөлдік ойын – баланың интеллектуалды дамуының құралы. «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ол ересектердің қызметінде, жұмысында, қызмет бабында қандай мәнге ие болса, мұнда да сондай мәнге ие болады. Бала ойнағанда қандай болса, есейгенде жұмыста да көп ретте сондай болады. Сондықтан да болашақ қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойында басталады», – деп Антон Макаренко айтпақшы, оқу процесінде, айналасындағы әлем, ересектер мен құрдастардың өмірі мен қызметі, отбасында алған білім, идеялар, дағдылар ойында тікелей көрініс табады және практикада қолданылады.